

САЛЫН

Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал

Көкейтесті

М.Әбдікәрімұлы

Сөз мағынасын бұзатындарға
тыным бола ма?

Мәдени тура

І.Байжанов

"Ақсу-Жабағылыдағы" бассыздық
ақырзаман шақырмасын десеңіз!..

Ғасыр тарландары

Н.Махфуз

Жасаған Алла кешіңді сенің
қайырлы еткей!

Біздің сұхбат

Бағдат Қожахметов:

"Біз қазақтілді аудиторияның
мүддесі үшін жұмыс істейміз"

№6 2014



1959 жылы туған. Көкшетау университетінің қазақ тілі және әдебиеті факультетін бітірген. «Зобалаң», «Күн тұтылған мезгіл», «Естемес би», «Сүлеймен қарақшы», «Қараман қарақшы», «Дүрбелең» сияқты романдар мен хикаялардың авторы. Әңгімелері мен түрлі тақырыптағы мақалалары республикалық басылымдарда жарияланып тұрады.

Момбек ӘБДӘКІМҰЛЫ

СӨЗ МАҒЫНАСЫН БҰЗАТЫНДАРҒА ТҮЙІМ БОЛА МА?..

Бүгінде көпшілігіміз той-жиындарда да, салтанатты басқосуларда да, тіпті телеарналар мен газеттерде де, кітаптарда да бей-берекет сөйлейтін, жазатын болдық. Бей-берекет – берекені қашырған дегенді білдірсе, оған сөз берекесін кетіріп айтқан әңгіме де, шимай-шатпақпен жазылған шығарма да, қазіргі қаптаған «жұлдыз» әншілердің есі дұрыс адамның ұғымына сіңбейтін, санасына қонбайтын кейбір әндеріндегі ала-құла құрастырылған мәтіндері де жатады.

Бұл күндері ақпарат құралдарының ең күдіретгісі – телеарналар екенінде дау жоқ. Сол үшін де оларда берілетін түрлі тақырыптағы көрсетілімдерде айтылатын сөздердің дұрыс қолданылуына тиісті адамдар баса мән берген жөн. Әсіресе өзге елдердің киноларын қазақшаға аударғанда олқылықтарға жол берілмеуі тиіс. Өйткені оларды кәрі-жасына қарамай, жұрттың бәрі көреді, жастар солардан үлгі алады. Алайда бұл тұрғыда да адамда беймаза күйге түсіретін жәйттер мол. Олардың бәрін тізбектей берсең, «таң атып, күн батады». Сонда да болса, бір-екі мәнсіз аударма жайында айтып өтейін.

Біздің телеарналардың қайсысы болмасын, шет елдердің детективті фильмдерін үздіксіз көрсетеді. Сондай фильмдерде полицияның қолға түскен бір қылмыскерге «ты задержан» немесе «ты арестован» деп айтқан сөзін, шіркін, біздің аудармашылар «сен тұтқындалдың» деп аударудан еш танбайды ғой. Шын мәнісінде «ты задержан» мен «ты

арестован» қазақшаға «сен тұтқындалдың» деп емес, «сен ұсталдың», «сен қамалдың» деп аударылады ғой. «Тұтқындалдыны» орысшаға нақпа-нақ аударсақ, «взят в плен», одан қалса, «плененный». «Плен», «пленник» – қазақша «тұтқын» деп – соғыс жағдайында қолға түскен жау жақтың адамдарын атайды. Былайша айтқанда, соғыс термині. Мәселен, орыстар бейбіт кезеңде қылмыс жасап қамалған адамды ешуақытта «ты взят в плен» демейді және киноларында да, кітаптарында да бұлай сөйлемейді, жазбайды. Сонда біздің аудармашылар, журналистер, қаламгерлер, сондай-ақ кино сценарийін жазатындар «тұтқынның» не мағына беретінін ұқпағаны ма. «Арестованның» – қамалды, «задержанның» – «ұсталды», «осужденныйдың» – «сотталушы» екенін және солай жазылу, айтылу керектігін білмегені ме? Оны айтасыз, бұл күндері біреулердің «тәркіленген», «тәркіленді» болуға тиіс сөзді де «тұтқындалдыға» алмастырған жайы бар. Бұған нақты мысал ретінде мынаны айтайын: «Хабар» арнасының 2013 жылдың 1-ші тамыз күнгі кешкі жаңалықтарында М.Әбіләзовтың Францияда ұсталғаны туралы хабар айтылды. Сонда бұрынғы банкирдің тәркіленген мүліктерінің есебі жайындағы мәліметті экранда кестелік жүйемен сызбалап, арнайы көрсетті. Бір сорақысы, сол кестелі мәліметтің үстіне «М.Әбіләзовтың тұтқындалған мүлкі» деген жазу тұрды. О заманда бұ заман, мүлік тұтқындалушы ма еді. Біздің білуімізше, сот



немесе басқа да заң орындарының пәрменімен айыпталушының дүние-мүлкі тәркіленетін сияқты еді... Еліміздің бас телеарнасы осындай қателіктерге ұрынып жатқанда басқалар не істемесін.

Одан соң 31 арнаның осы сәуір айының алғашқы аптасындағы кешкі жаңалықтарының бірінде Аида Боранбай деген журналист белгілі жорналшы Саясат Бейісбайдың 60 жасқа толғаны туралы хабарлама жасады. Бір өкініштісі, Аида өз сөзінде «Арда азаматымыз 60 жасқа толып отыр» деп соғып жіберді ғой. Қазақта «арда» деген сөз тірі адамға бағышталып айтылмайды, ол – өлген кісіге арналатын сөз. Мейлі, жас журналистер қателесті дейік, бірақ ондағы «тісқаққан» редакторлар қайда қарап отырады өзі? Жуырда 7 каналдың бір жаңалығында белгісіз ана жаңа туған сәбиін қоқыс жәшігіне тастап кеткені жайында хабар көрсетті. Осы жәйтті хабарлап тұрған журналист «Қоқыс жәшігі ішінде өксіп жатқан баланың даусын көлденең жүргіншілер есітіп, полицияға хабарлаған...» деген сөздер айтты. Бәрі дұрыс қой, алайда жаңа туылған сәби еш уақытта өксімейтінін және қай жердің қазағы болмасын, жас шақалақтың шырылы мен іңгәсін «өксіді» деп айтпайтынын осы хабарды жүргізген журналистің білмегені – үлкен айып.

Әсіресе, «КТК» арнасынан көрсетілетін кинолардың қазақша аударылатын көп нұсқалары көңіл көншітпейді. Сол арна көрсеткен бір кинода «Я тебя ревную к нему» деген сөйлемді сөзбе сөз келтіріп, « Мен сені оған қызғанамын» деп аударыпты. Қазақ оған емес, одан қызғанатын сияқты еді... Бұдан соң еліміздегі телеарналардың бәрінде қазақша жүрген киноны орысша аударма титрмен, орысша жүрген киноны қазақша аударма титрмен беретін үрдіс бар. Жаңағы «КТК» мұндайда алдына жан салмайды әрі титрлі аудармасында көптеген қателіктер жіберіледі. Мысалы, сол «КТК»-да орысша беріліп жатқан әлдеқандай киноның ішінде «мы двоим» деген сөз кездесе, ол сөйлем қазақша аударма титрінде міндетті түрде ылғи «сен екеуіміз» боп жазылады. Қазақтың қалыптасқан жазба әдебиетінде де, ауызекі тілінде де сол сөз – «сен екеуіміз» боп, «у»-дан кейін «і» қосылмай жазылмайтын ба еді, айтылмайтын ба еді. Соған қарамастан, бүгінгі жас журналистердің басым бөлігі, мейлі телеарналарда болсын, мейлі түрлі басылымдарда болсын «екеуіміз»-ді «екеуіміз» деп, тәлпіш қыздың еркелікпен айтатын сөзіне, болмаса тілі жаңа шыққан баланың үніне ұқсатып жазып жүр.

Орыстың қазақшаға аударғанда әр түрлі мағына беретін сөздері көп. Атап айтсақ, «срочное» мен «свежее» – қазақшаға сан түрлі мағынада аударылатын сөздерге жатады. Бірде

мен Алматы қаласының нақ ортасындағы бір фотосалонның алдынан «срочное фотоны» «жүрдек фото» деп жарнамалап қойғанын көрдім. Сірә, аудармашы ол сөзді «срочный поездбен», яғни жүрдек пойызбен шатастырып алса керек. Дұрысы, ол – «шұғыл фото» боп аударылуға тиіс. Ал енді, қандай аудармашыдан алынған нұсқа екенін білмеймін, «свежее» – «балғын» деп аударылып жүр. Оны қазақ ұғымына қалыптастырмақ ниетпен осындай сөзі бар жарнамаларды барлық телеарналар күндіз-түні беріп жатыр. Соның арқасында, кока-кола да – балғын, фанта да – балғын, балық та – балғын, жеміс-жидек те балғын... әйтеуір «свежеенің» бәрі – балғын. Бірақ қазақтың күнделікті тіршілігінде жаңа ауланған балық ешқашан «балғын балық» деп айтылмайтынын, жаңа піскен өрік пен алманың еш уақытта «балғын» деген атауға ие болмайтынын – оны осылай аударғандар мен жарнаманы солай қазақшалаушылар неге білмейді? Сол аудармашыларға, керісінше, «балғын» сөзі бар қазақ тіркестері мен сөйлемдерін, мәселен, «балғын балалық шақ» немесе «балғын сезім», т.б. дегенді орысша аударшы десек, оларды «свежее детство», «свежее чувство» деп аударар алар ма еді? Әсілі, «свежее» ас-суға қатысты болса, «жаңа дайындалған», жеміс-жидекке қатысты болса. «жаңа піскен, жаңа үзілген» тұрпатына сай байланыстырылып аударылса жөн болар-ды.

Тағы бір сәтсіз аударма – телефон атауына байланысты қалыптасып бара жатыр. Оны біреулер «сымтетік» деп аударып, жұрт санасына тықпылап әуреге түсуде. Сымтетікті орысшаға нақпа-нақ аударсақ – «проволочная деталь» боп шығады. Ал телефон – деталь, яғни тетік емес, құрал ғой. Ақиқатында телефон атауы – әлемдік термин. Оған қазақша атау береміз деп тыраштанудың түкке қажеті жоқ.

Егер білгіштер табылса, «теледидар» атауындағы «телефонның» алғашқы буынында айтылып тұрған «теле» сөзін аударып көрсінші.

Бұдан кейін тағы бір әлемдік термин – «прогресті» «үдеріс» тұрғысында жазу мен айту – қалып боп кеткелі қашан. Қазақ «үдеріс» деп – елдің жаудан немесе аса үлкен бір қауіптен бас сауғалап қашқан, алды-артына қарамай жөнкіген, көшкен, аласапыранға түскен кезін айтады. Демек, қазақтың «үдеріс» сөзі жақсылықтың нышанын білдірмейді. Сонда білім мен ғылымның, өркениет пен техниканың дамығанын, алға жылжығанын білдіретін «прогрестің» аудармасы қалайша «үдеріс» ұғымына сай болмақ? Ең масқарасы, кейбір ғалымдар мен баспасөздер мұны «үрдіс» тұрғысында жазып жүр.

Кейбіреулер «Микрорайонды» – «мөлтек аудан» деп қазақшалайды. «Микро» да орыс-



ша емес, «прогресс», «телефон» сияқты – халықаралық термин. Бірқатар баспасөздер мен жарнама берушілер оны «шағынаудан», «ықшамаудан» деп тәржімалайды. Негізінде осылай атау дұрыс. Ал «мөлтектің» мағынасы тым басқа. Ол – адамның көңіл-кеудесіндегі мұңлы да жасырын сырдың (мөлтек сыр) сипаты.

Баста ақпарат құралдарының ең құдіреттісі телеарналар дедім ғой. Сол телеарналарда аудармаларының құты қашқан сериалдармен бірге сөздері мен әуендері естіген адамның аза бойын қаза қылатын әндер де тоқтаусыз беріледі. Соңғы кезде тіліміздің шұбарланып, бұзыла түскеніне нақ осы телеарналардағы осындай көріністер көбірек әсер етіп жатқаны ақиқат. Бүгіндері телеарналарға өздерін керемет композитор санайтын, өз әндерінің сөздерін құдды бір кәнігі ақындардай өздері жазатын «тұла бойы тұнған таланттар» көбірек шығады. Ешқайсысы ренжімесінші, кейде мен олардың әрекетін суда да жүзе алатын, жерде де жүре алатын, аспанда да ұша алатын үйректің әмбебап қылығына ұқсатамын. Сөздері тек ұйқас қуалаған, зер салған адам ешқандай мағына таппайтын мәтіндерден тұратын әндеріне ешкімнің тарапынан сын айтылмаған соң, қала берді, теледидардан еш қиындықсыз көрсетіліп жатқан соң, олар өздерін әрі ақын, әрі композитор, әрі орындаушы ретінде «көп қырлы қас талант» санамағанда қайтсын.

Мысалы, «Жігіттер» тобы орындайтын «Бірімізге келіпсіз, бір көруге жерікпіз...» деп басталатын бір ән бар. Біріншіден, қазақтың не өлеңінде, не қара сөзінде «бірімізге келіпсіз» деген жарымжан тіркес қолданылмайды. Екіншіден, біреуді көруге жерік болған адамды «Жігіттер» тобындағы жігіттер мен оны жазған ақын көрмесе, басқа адамның көрмек түгілі, олай ойламайтынына да бәс тігемін. Өйткені «жерік» деген нәрсе – тек екіқабат бола бастаған келіншектер мен әйелдерге ғана тән әрі басқа ешқандай балама атауға жатпайтын сөз.

Газеттер мен телеарналарға сұхбат бергенде әніміздің сөзіне қатты мән береміз дейтін танымал әншілердің өздері, мәтінінде тіркестері баянсыз, мағынасы болымсыз, өлеңдері тек ойсыз ұйқастармен өрілген әндерді шырқап жүргендерін байқамайды. Көпке танымал әнші М.Сәдуақасованың көңіліне келмесін, оның қайырмасы: «Қараңғы түнде шаттанамын, Қайтейін тебіреніп жатса жаным. Ағарып атса, таңға қимаймын, Жалғанға жалғыз сыймаймын» деп келетін бір әні бар. Бұның өлеңін кім жазғанын білмеймін, бірақ бір білетінім, осы шумақта ешқандай мән-мағына жоқ. Шаттану – аса қуанғаннан туындайтын сезім. Ал тебірену – әлдеқандай сыртқы күштің ықпалынан, яғни

біреу өзіңді қатты мақтағанда немесе естіген жақсы ән-жырдың әсерінен ой-санаң арманқиялдың бесігіне бөленіп, жүрегің аса толқыған шақта, соның негізінде жаның аса құйынды сезімге батқан сәтте пайда болатын нәрсе. Әлбетте, тебіренуге ықпал ететін басқа себептер де көп. Бірақ шаттанған адам, шаттанумен бірге тебіренбейтіні хақ. Одан соң Мәдинаның әлі әніндегі өлеңде шаттанып, болмаса тебіреніп тұрған адам – ағарып атқан таңға кімді, нені қимай жатыр? Жалғанға неліктен сыймай жатыр? Осылардың себебі алдыңғы екі жолда айтылуы керек еді ғой. Оларда мұны түсіндіретін сөздер жоқ. Демек, бұл өлең емес, тек болымсыз ұйқас қуалаған шалдыр-бұлдыр бірдеңе.

Тағы бір танымал әншіміз – Жеңіс Ысқақова орындайтын бір әнінде «...Айдың жүзі арайлы...» деген өлең жолы бар. Құданың құдіреті, айда арай бар дегенді осы әннен естідім. Айда арай емес, көмескі сәуле болады. Арай деп, күннің шығар һәм батар кезінде өз аумағына қып-қызыл боп шашатын алқызыл нұрын айтады. Жеңістің айдан арай шығаратыны түк емес екен, Заттыбек Көпбосынұлының «...Түні Шымкенттің неткен арайлы...» деп келетін сөзі бар әнін естігенде, түннің де «арайлы болатынын» білдік. Япыр-ай, «Естімеген елде көп», бір күні осындай әншілер «Түн ішінде күн нұрына шомылып...» дегендей сөзбен ән салып жатса, таңырқамай-ақ қойыңыз.

Жас атаулыны еліктіріп әкететін, үнемі жан күйзелісін тартып жүрген адамдай, ылғи мұңды әуендерді шырқайтын Қайрат Нұртас атты әнші бар. Кімге қалай, Қайраттың ешкімге ұқсамайтын дауысы мен құлаққа жағымды естілетін әндері мен үшін тәуір-ақ. Бірақ, бір әттең-айы, әндерінің мәтіні қиқы-жиқы, бірді айтып, бірге кететін мас адамның сөзіндей. Ән шумақтарының бір жолы екінші жолын толықтырмайды, шашырыңқы. Өлеңіндегі теңеу сөздер «тисе – терекке, тимесе – бұтаққа» деген сыңайда айтылады. Ол да өз әндерінің мәтініне назар салмайтын сияқты. Әйтпесе, ешқандай астарлы һәм жұмбақ сырды бере алмайтын «...Жұлдыздардан сәуле тауып сөйле, Телефонды жүрегіңе жалғай...» деген мән-мағынадан жұрдай сөзі бар және оңып тұрған өлеңдері жоқ басқа да әндерін шырқауға ыңғайсызданған болар еді.

Көпке таныс әншілердің бірі – Еркін Нұржан. Оның «Жанымды қашқан жігер, Түйіп ап орамалға, Тереңге тастап жібер, Соңғы рет қарап ал да» деп айтылатын қайырмасы бар әнінің сөзінен есі дұрыс адам не ұғады? Жанынан қашқан жігері несі, орамалға нені түймекші?.. Құлай біледі, нашаға елітіп, ой-санасынан айырылып отырған қияпан адам да мұндай шалдыр-



шатпақты өлең етіп айтпайтын шығар. Бәлкім бұл «жұмбақталған» жолдарды Еркін немесе оны жазған «ақын» ғана түсінер.

Соңғы жылдары бірқатар жас сазгерлердің небір тамаша әндер шығарып жүргендеріне ешбір дау айта алмаймыз әрі ондай әндердің жап-жақсы екенін мойындаймыз да. Алайда сол жақсы әндердің сөздері мәнсіз болып келетіні көңілді қынжылтады ғой. Тоқтар Серіковтың «Көршінің қызы керемет еді, Әкесі де оның жақсы адам. Ауылдан біздің неге кетеді, Ауарайы ма жақпаған?» деген мәтінді әні, расын айту керек, кез келген адамды баурайтын әуезге ие. Алайда өлеңі – мәнісін ешкім түсініп болмайтын есі ауысқан пенденің, одан қалса, есі толмаған баланың сөзі. Бұдан соң авторының кім екені маған беймәлім, бірақ әуезі бойыңды шымырлататын тағы бір ән – «Мүмкін емес» деп аталады. Енді осы әннің бір шумағы мен қайырмасына назар салыңызшы:

Тұнып тұрса төбемде күн,
Демің бе деп елеңдедім.
Қою түңдей қара көздің,
Мұң шақтарын сен емдедің...
...Тыныштық бер жүрегіме,
Құлақ аспа тілегіме!
Сезім-шоқты тығып қойғам,
Жұмыр жердің жүрегіне.
Күліп келем – күлкім емес,
Тек әйтеуір сылқым елес.
Сені ойдан арылтпақпын,
Бірақ, әттең, мүмкін емес...

Осы өлеңнен не түсіндің, ағайын? Бір ойды бір ой толықтыратын өлең жолы бар ма мұнда? Ғашығынан жүрегіне тыныштық беруді сұраған жанның сандырықтап кетіп, келесі кезекте оған «тілегіме құлақ аспашы» деп өтінгені қай сасқаны? Әсіресе оның «Күліп келем – күлкім емес, Тек әйтеуір сылқым елес...» деп келетін қайырмасы құлаққа тигенде, басқаны қайдам, дәл менің жаным қарылып, өлердей құлазимын. Әлгі шумақты жазған ақын – махаббаттан жапа шеккен жанның қанша күйінсе де, өз-өзін зорлап күлгенін жұртқа «күліп келем – күлкім емес» деген сыңайдағы өлең жолымен ұғындыруға тыраштанған ба дерсің? Рас, кейде ішқұса боп, торығып жүрген адамның әлдебір жағдайларға байланысты еріксіз күлетін сәттері болады. Ондайда қазақ «Күлемін-ау, бірақ өз-өзімді алдап күлген күлкім – күлкі емес» дейді. Ал «күлкім емес» деген тіркес – «саған күлуім емес, болмаса сені күлкіге айналдырып тұрған жоқпын» деген мағынаны білдіреді. Одан соң ел арасында сылқым жігіт немесе сылқым қыз болушы еді. Ал мына әннің арқасында елестің де «сылқым» болатынын есігіп жүрміз. Тағы таңқалатынымыз, өз-өзін зорлап күліп келе

жатқан адамға «сылқым елестің» қандай қатысы һәм оған нендей байланысы бар? Әннің басында айтылатын – төбеден тұнатын қандай күн? Күн тұнушы ма еді? Одан шығатын қандай дем? Қара көзге мұң тұнатын шығар, бірақ «мұң шақтарын сен емдедің» деп түйген пайымын түсінбедік... Бәлкім бұл өлеңнің иесі «сені сағынып, жанарымды мұң басып жүрген шақтарда өзің келіп, жаралы жанымды емдеп кеттің» деген ойды осындай орашолоқ сөзбен түсіндіргісі келген шығар... Қойшы, одан әрі бір нәрі жоқ бұл шумақтардың әр жолын талдап шығуға шыдамым да, ақылым да жетпейді. Бәлкім менің санам қараңғы, түсінігім таяз адам шығармын, қазіргі заманның «ақындарының» «сырлы өлеңдерін» ұқпайтын. Бәлкім сіздер бірдеңе ұғатын шығарсыздар, қадірлі ән сүйер қауым...

Иә, қайсыбірін айтайық, біздің облыстық теледидар биылғы жылдың мамыр айында Асылжан мен Медет атты екі әнші жігіт орындаған «Гүл сезім» деген әнді ылғи таңертең және бір уақытта он күндей үздіксіз берді. Берсе, несі бар дерсіз. Бары сол – осы әннің сөзіне зер салыңыз.

«Ресейде істесем,
Орыс қызбен жүрмесем.
Сезіп қойып әйелім,
Екі ортада жүрмесем.
Шымкентте істесем,
Менттеріңе түспесем.
Сатып алып машина,
Жас шағымда жайыла.
Қайырмасы:
Ішпесем, шекпесем,
Күнде саған гүл берсем.
Күнде сені естісем.
Басқа қызға кетпесем».

Түһ, не деген «шебер сөз құрау» деңіз. Ресейде жұмыс істеп жүрген жігіт жарына адалдық танытып, орыс қызбен жүрмесе, әйелі оның қандай сырын сезіп қоймақ? Жігіт екі ортада не үшін және қандай себеппен шабылмақ? Шымкентте істеген, менттерге түспеген жігіт машина сатып алып, жастығында жайылғаны несі? Ішпеген, шекпеген, сүйіктісіне күнде гүл беретін жігіт, өзінің басқа қызға кетпеуін кімге және неге міндет қып жатыр? Оу, осы әннің шумақтарында құлаққа ілетін тұщымды бірдеңе бар ма өзі? Ән сөзінің айтар ойы, қорытынды түйіні не? Әр жерде істедің, орыс қызбен жүрмедің, ішпедің, шекпедің, жарыңа күнде гүл бердің... енді Асылжан мен Медет қарақтарым-ау, осымен не айтпақ болдыңдар, жұрт алдында нені жырламақ, нені түсіндірмек болдыңдар, соны айтыңдаршы?! Әлде сендер кез келген өлеңнің соңында қорытынды һәм түйінді ой болатынын, болуға тиіс екенін білмейсіңдер ме? Бәрің де мек-



теп көрген сауатты емессіңдер ме. Бұл әндеріне тағы біресе қабақтарын түйіп қаһарлы жүз көрсететін, біресе құшақтары гүлге толып мәз бола күлетін екі қызды қатыстырып, клип жасап алыпсыңдар. Екеуіңнің осы әндеріңді естігенде баяғыда бала кезімде ауылдағы дүкеннің артында маңдолинаны домбыра мен гитараға ұқсатып сабалап, бір-біріне жұғыспақ түгілі қиыспайтын сөздерді ән қылып шырқап отыратын, орталарыңда арақтың бес-алты бос шөлмектері сұлап жататын мас көкелерімнің қылықтары есіме түседі...

Жә, жарар, «Гүл сезімнің» мәтіні түкке алғысыз болғанымен, желіккен жастарды аласұртып билете алатындай әуені бар. Бірақ «бетінің жылтырағанын қайтейін, іші түтінге толған» болса. Ал енді не сөзі, не сазы оңды емес, қаншама сорақы әндер бар десеңізші. Ойпырмай, біз кім боп барамыз, осы. Бұлай кете берсек, бұрысты түземесек, болымсызға шек қоймасак, елу жылдан кейінгі ұрпақ аспанды – жер, жерді – аспан деп ән салмасына кім кетпiл.

Не болса соны өлең қып құрап алып, ән шығаратындар, ән салатындар теледидардың төріне қалай ұялмай шығады, дискілерін қалай ұялмай таратады өзі? Ең сорақысы, мұндайлар жекеменшік телеарналарда ғана емес, еліміздің бас арналарын да «жаулап алған». Бұған кім кінәлі? Бүкіл ел көз тігіп отыратын, керек болса, тәлім мен тағылым алып отыратын бас арналар осындай келеңсіз көріністерге, қазақ өлеңдеріне тән орамды сөз тіркестерін аяққа таптап қорлайтын, әндерін өздерінен басқа ешкім айта алмайтын, айтайын десе, мақамы мен әуені көңіл-санаға жатталынбайтын «халтурщик» һәм әуені қандай тұрпайы болса, сөзі одан да сорақы бір мезеттік әндерін секіріп, жұлынып, құтырған адамдай аласұрып, билеп жүріп орындайтын әншілерді күллі жұрттың көз алдындағы теледидар төріне шығаруға рұқсат беретін тиісті басшылар жазықты ма? Әлде қанша сыналса да түзелмейтін, түзелмек түгілі жөн айтқан кісіні өзінің талантына шек келтіретін немесе көре алмайтын адамның қатарына жатқызып мұрындарын шүйіретін, «Ақша берсем, кез келген телеарнаның эфир уақытын сатып аламын. Ешкім менің «жұлдыз әнші» екеніме шек келтіруге қақысы жоқ» деп кеуде қағатын кеудемсоқ әншісімақтар кінәлі ме? Мақұл, ондайлар шын талант-ақ бола қойсын. Бірақ олар «біздің шығармаларымыз неге бұқаралық сипатқа ие бола алмайды, яғни біздің әндерімізді Шәмшінің, Нұрғисаның, т.б. тәрізді композиторлардың туындыларына ұқсатып, тойларда, түрлі басқосуларда жұрт жаппай қосылып неге шырқамайды?» деп бір сәт ойланбатындары жаман. Расында, әндері

көпшілік тарапынан мойындалмаса, кез келген жерде шырқалмаса, құдай-ау, ол қандай жұлдыз, қандай талант? Мен ойлаймын кейде, аттарын шығару жолында ештеңеден тайынбайтын, болымсыз тірліктерімен өздерін дара да танымал тұлға санап жүрген қазіргі «жұлдыз» әншілер, композиторлар жоғарыда аталған Шәмші мен Нұрғисанікіне ұқсас халықтық әндер шығарса, Күләш пен Бибігүлдің дәрежесіне жетсе, даңққа мас болғандары, оның буына еліткендері сондай, екі аяқтарын баса алмай қалатын шығар деп. Айтпақшы, биылғы 12 сәуір күні сәске мезгілінде «Хабар» арнасынан «Жүрдек пойыз кетті, Саған қолым жетті. Өкінбеймін мүлде, Мұндай болмас күнде» деген қайырмасы бар ән естідім. Сөзі де, әуені де көшеде ерігіп жүрген бейсана жастардың жай бір даурықпасына тән. Ал мұндай түкке алғысыз әнді біздің бас арна жарнамалайды. Осыдан соң жастардың өнерге деген көзқарастары тіпті былғанды, ал оларды бас-көз жоқ жарнамалайтын телеарналардың талғамы тіпті құрыды деп қалай айтпайсыз.

Қазіргі эстрада әншілері шынымен-ақ жұлдыз екен, өткен ғасырдың жетпісінші жылдарындағы «Досмұқасанның», «Айгүлдің», «Гүлдердің» т.б. анмамбльдердің жетістігін қайталап көрсінші. Орыстардың эстрадасына қарап көрші, әнші жанды аспаптардың сүйемелдеуімен сахнаға шығады. Нағыз эстрадалық әндер солардікі тәрізді жанды гитараның, дауылпаздың, тағы сол сияқты түрлі аспаптардың біріккен үндерімен көмкерілмей ме? Ал біздің «жұлдызсымақтар» ше? Әндерін баяғы «Ямахаға» ұқсас өзі барабан, өзі гитара бола беретін компьютерлік аспаптардың тақ-тұқына, қиқыл-шиқылына үйлестіріп көркемдейді. Бұл – барып тұрған халтура. Жаңағы аталған «Досмұқасан», «Айгүл» ансамбльдері кезінде бір күнде қанша концерт берсе де, жанды аспаптарды ойнатып, жанды түрде ән салатын. Бұлардың әндерге арналған музыкалық көркемдеулері (обработка) қандай еді. Гитараны құйқылжыта тартқанда жаның жайланып, көңіліңді гүлдейтін. Ойпырмай, өнерлерімен сол кезгі күллі халықты тәнті еткен солар өздерін «жұлдызбыз» демеді. Қазақ тұрмақ, әлемді мойындатқан Бибігүл де, Ермек те, Роза (Бағланова) да «жұлдызбын» деген жоқ. Таңғалам, әннің әрін, сөздің берекетін кетіретін, музыкалық сүйемелделуі бір-ақ адам ойнайтын әлгіндей аспаптардың қиқыл-шиқылымен көркемделетін, саны бар сапасы жоқ қаптаған әншілер аспандағы жұлдызбен қалай теңесе қалды?

Сөйтсем, оларды «жұлдыз» жасап жүрген, қазіргі тілмен айтқанда, продюссерлер деп аталатын арнайы топтар бар екен. Ондай продюссерлерге әндердің мәтіні, өлең жолдарының



мазмұндылығы көк тиынға керегі жоққа ұқсайды. Сиырға ұқсап бөкіріп, итке ұқсап қыңсылап тұрсаң да, еркекті – әйел, әйелді – еркек деп айтып тұрсаң да, құр дабыра іспеттес әнің ессіз жастарды билетуге, елітіп, еліктіруге жараса болды, концертінді ұйымдастырып беруге құмбыл. Өйткені олар әндердегі шалағай мәтіндерді, аза бойынды қаза қылатын әуендерді дұрыстап, жөндісін іріктеп, жөнсізін керек етпей тастаудан гөрі мезеттік концерттер өткізіп, ақша табуды ғана мақсат тұтады. Осындай дүмбілез сөзді ән мәтіндерін жаттап өскен жастар ертең кім болмақ? Оңды – сол, солды – оң деп танымауына кім кепіл. Иә, қазіргі «жұлдыздардың» әндеріндегі мәтіндердің кемшіліктерін тізе берсең, бір кітапқа арқау боларлық дүние шығады. Не десек те, заманауи «жұлдыздар» ештеңенің байыбына бара бермейтін желөкпе жастарды желіктіріп жүргендеріне мәз шығар. Бәлкім олар халықтың барлығын еш нәрсенің парқын түсінбейтін көрсоқыр деп ойлайтын болар. Мүмкін мұндайлар көп ойды екі-үш ауыз болымсыз сөздермен түсіндіреміз деп, қазақтың әнге арналған өлеңдеріне жаңа стиль, соны жол салғысы келетін шығар.

Бүкіл қазақ еліне тарайтын бір үлкен газеттен белгілі спорт журналисінің футбол тақырыбына жазған мақаласында мынадай жолдарды оқып едім: «Атақты Месси ойын барысында қарсыластар қақпасына бірнеше мәрте шіреніп тұрып доп соққанымен, гол кіргізе алмады...» «Шіренді» деп біз көкірегі аспан тіреп, маңғаз қалыпта тұрған адамды айтамыз. Сонда алаңда алашапқын боп, жанұшырып жүрген футболшы қалай шіреніп тұрып доп тебеді екен?.. Содан соң қаптаған жекеменшік газеттердегі шала жазылған, жазу мәдениеті мен формасы, стильдік қалпы сын көтермейтін мақалаларды оқысаң, не күлеріңді, не жыларыңды білмейсің.

Қазір көптеген газет-журналдар «қателікке бой алдырды», «көп ізденуге бой алдырды» деген сықпыттағы жаңа тіркестерді молынан жазатын болды. «Қателік», «көп іздену» дегендер адамның іс-әрекетін білдіреді. Адам іс-әрекетке емес, сезімге бой алдырады. Ашуға, мұңға батуға, қызғаншақтыққа бой алдырды десек жарасады. Өкінішке орай сөз мағынасын теріс пайдаланушылардың да саны артып барады.

«Осы күнде бейталант ақын-жазушылар, біреуді жамандап, біреуді мақтап, осының арқасында ақша табуды ғана ойлап газет ашатын желөкпе редакторлар тым көбейіп кетті-ау» деп кейде кейістік білдірсек, базбір белгілі қаламгерлер: «Көбейгені жақсы, жұрт өзіне керегін таңдап оқиды» дегендей уәж айтады. Көбейген жазушылар жұрт оқитын кітап жаза алса, быжынаған газеттер жұртты өзіне тарта

алса, мақұл ғой. Қолдарынан жазу келмесе де, мәстек көңілдерімен тұлпардың жалына жармасып, не желісі, не оқиғасы, не сөз шеберлігі жоқ, шимай-шатпаққа толы кітап жазғыштардың, қалам мен қағаздың, ең ақыры оқырманның обалына қалған жазушысымақтардың көбейгенінің, ылғи өсек пен жарымжан жазбаларды басатын аты бар, заты жоқ газеттердің саны артқанының несі жақсы... Сіздерге өтірік, маған шын, біздің жақта бір беттік мақаланы сауатты жаза алмайтын біреулер қалың-қалың кітаптар жазып жүр. Соған сәйкес тұтас мақала түгілі бір сөйлемді дұрыс құрай алмайтын әлдекімдер – бір-бір газетке бас редактор. Солардың ішінде көп жыл аупарткомда, облпарткомда хатшылық қызмет атқарған, «Қазақстан бойынша байырғы партия қызметкерлері арасынан жазушы болып шыққан жалғыз – менмін» деп кеуде соғатын бір «үлкен қаламгер» бар. Қанша сыналса да, беті қайтпайды. Соған қарамай, Жазушылар одағына мүшелікке өтіп алыпты. Бір кітабының аты – «Шырайлы да шұрайлы Шымкентім» деп аталады. Сол кітабындағы сөйлемдерінің түрі: «Совхоз Мақтаралдың басшылары...», «Победа колхозының сушылары мақтаға күндіз-түні су беретін...» Несін айтайық, әр бетінде әрсіз-нәрсіз осындай «мүгедек сөйлемдер» жалғаса береді. Бәрінен бұрын мамандығы агроном оның қазақтың «шұрайлы» деп қаланы емес, тау етегіндегі, өзен жағасындағы, ашық даладағы көрікті жерлерді атайтынын білмегеніне таң болдым...

Иә, «ақылы асқан таланттар» мен орта жастан асып, қартайған шағында «дарыны оянған данышпандар» сынды көтере алмайды. Кемшілігін көрсетсең, саған ата жауындай кектесіп, қолынан келсе, есе қайтаруға дайын тұрады. Бізде Нұр деген киелі атты өзіне бүркеншік ат етіп алып, «жырларында» не өлеңге, не қара сөйлемге тән жолдар жоқ, жазуына бала күліп, кісі қашатын, бірақ өзін Мұқағалидан кем санамайтын, нысына қарамай, қызметтегі балаларының арқасында әр-әр жерде кездесу өткізіп тұратын зейнеткер «ақынды» жазушылардың облыстық бөлімшесінің төрағасы бір газетке сынап жазып еді, анау «арымды таптады» деп сотқа берді. Төраға жазған ақырында кешірім сұрап, зорға құтылды.

Алматыда менімен қатар аты елге белгілі бір ақын бар. Бір өлеңінде алма мен шиені, өрік пен бәйшешекті, олармен бірге қызғалдақты да қатар гүлдетіп, жер-дүниенің бәрін бір мезетте қызыл-жасыл реңкке боятып қояды. Ақындық әсірелеу де қисынға сай көркемделмегі ләзім. Бәйшешек көк шөптің өскенін күтпей-ақ, ақпанның аяғында жер қарайса болды, шыға беретін өсімдік. Бұл кезде шиені, өрік гүлдемейді.



Алма шие мен өріктен 20-25 күн кеш гүлдейді. Қызғалдақ алманың гүлі төгілген кезде шығады... Осыны білмеген, біліп тұрса да «кеудесін кернеген шабытын игере алмай», өлең түзген ақынға не дерсің.

«Ілкіде жанынан өлең құрастырмайтын және әу демейтін қазақ болмаған» дейміз кейде. Рас, қазақ ақынжанды халық. Бірақ кез келген жерде өлең құрастырып, әу дейтін қазақтың бәрі өздерін ақын санамаған. Алайда олар әріп танып, жазу жаза алмаса да, әңгімелер мен әпсаналарды қазіргі сауаттымыз деген базбір шолақ ойлы жазушылардан жақсы айта да, құрай да білген. Бүгінгі жарымталант ақындардан мың есе тәуір өлеңдер құрап, бір мезеттік әнін өзінен басқа ешкім айта алмайтын сазгерсымақтардан әлдеқайда тамаша өндер шығарған.

«Бір ойды бір ой түртеді» демекші, осы жерде тағы бір мәселені сөз етіп кетудің реті келіп тұр. Ол – қазіргі күндері түсірілген қазақ киноларындағы сөз қолданыстары туралы. Көп киноларды түсіруге мұрындық болып, танымал продюсерге айналып жүрген Баян Есентаева деген азаматша бар. Баян кинолардың сценарийлері мен режиссерлік жұмыстарына араласа ма, араласпай ма, ол жағы маған беймәлім, бірақ оның қолдауымен түсірілген фильмдер кеңес одағы кезінде бізді орыс идеологиясы жан-жағымыздан басып, таптап тұрған уақыттың өзінде қолданылмаған тәсілмен жарыққа шығуда. Яғни, ол продюсер болған «Күләш», «Тракторшының махаббаты» сияқты кинолар орысша, қазақша болып, екі тілде түсірілген. (Ендігі бір кейіпкерлері ағылшын немесе неміс болса, кинолары солардың тілдерімен де араласып шығуы мүмкін). «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» дейді Елбасы. Осындай бастама көтерген Елбасының құзырындағы мемлекеттен кино түсіру үшін ақша алған Баян, қазақтардың өмірін баяндайтын киносында, қазақтардың жас-кәрісіне бірдей тәлім-тағылым беретін киносында қалалық қазақтарды орысша сөйлетеді. Не үшін және кім үшін? Орыс көрермендері үшін бе? Бәлкім Баянның, болмаса сол киноны түсірген режиссер Асқар Ұзабаевтың осы фильмдерді көретін санаулы орыс достары бар шығар, бірақ қырт орыстардың арасында тұратын мен бір орыстың осы киноларды көрдім дегендерін естігенім жоқ. Тіпті бірқатары мұндай киноларға ешқандай қызығушылық танытпайтындарын да білдірді. Сонда бұл қандай әурешілдік? Ең алдымен бұл – бірінші кезекте қазақтарға арналған дүние емес пе? Ендеше, оның тілін шұбарлатудың қажеті не? Одан соң «Тракторшының махаббатында» бір семіз кейіпкер келіншек күйеуіне «Мен саған үйленгеніме өкінемін!» деп шаптығатын эпи-

зод бар. Орысшаны жақсы білетін және жақсы көретін Баян мен Асқар күйеуге шыққан ешбір орыс қызының «Я женилась» деп айтпайтынын, орыстарда ондай тіркестің болмайтынын білетін шығар. Оны білсе, қазақ қызының да ешқашан үйленбейтінін, яғни тұрмысқа немесе күйеуге шығатынын білсін! Сондықтан да кинодағы әлгі келіншектің күйеуіне «Мен саған күйеуге, болмаса тұрмысқа шыққанымға өкінемін» демегі орынды болар-ды. Үйлендім деген сөз тек еркектерге ғана тән сөз қазақта. Осындай қарапайым сөз мағынасының өңін айналдырып, кері тұрпатта қолданып жүрген киногерлердің жағымсыз әрекеттері де жастарды, әсіресе қазақша үйренуге талап қылған өзгелерді әбден шатастырары даусыз.

Ия, оқырман, не дейік, болымсыз теңеулер, жарымжан сөйлемдер бұл күнде тосыннан пайда болған ақын-жазушылар тұрмақ, әжептеуір аты бар кейбір қаламгерлердің шығармаларында да көптеп кездеседі. Оларды оқыған жас талап не болмақ? Көп ізденіп, көп оқудың, жазу мәнерін үйренудің орнына «ой, жазу деген оңай екен ғой» деп, қалай болса солай жазатын шалағай боп қалыптаспай ма. Тілді халық емес, жазу деген киелі өнерді ластап жүрген дәл осындай шалағайлар, сауатсыз журналистер мен сценарий жазғыштар, әндерге мағынасыз сөз жазатын дүмбілез ақындар, білімсіз аудармашылар бұзады. Бұларды қайтпек керек? Жарықтық Асқар Сүлейменовтың «Бейталанттан кемталант жаман» деген сөзіне назар аудармай, жазу атты киелі өнерді, әннің ажарын ашатын әулие өлеңді «көдденең көк аттылардың» табанына таптатып жүре береміз бе?! Бәлкім Астана мен Алматыдан бастап әр облыс орталықтарында кітаптарға, газеттерге жазылатын дүниелер мен мақалаларды, сондай-ақ әндерге арналған мәтіндерді қадағалап отыратын, тек сауатты кісілерден тұратын арнайы бір мемлекеттік ұйым ашу керек шығар. Бұған не дейсіздер? Өзіңе ой тастап отырмын, құрметті оқырман!

